

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 665  
бұйрығына қосымша

## **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару тәртібін белгілейді.

2. Тізілімнің мақсаты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) іске асыратын білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын құру болып табылады.

3. Осы Алгоритмде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі – ЖЖОКБҰ әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын ақпараттық жүйе;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган – білім беру саласындағы басқару және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

3) оператор – Тізілім жүргізуді жүзеге асыратын, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;

4) білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

5) ББ әзірлеу – оқытудың нәтижелері мен тиісті еңбек шығындарын, білім беру қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен рәсімдерін/бағалау өлшемдерін көрсете отырып, ББ және оның компоненттерін жоспарлау;

6) ББ төлқұжаты – бағдарламаның қысқаша сипаттамасы, оның ішінде: оқу нәтижелері мен пәндері, олардың кәсіби саламен байланысының сипаттамасы (соның ішінде ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – ҰБШ), салалық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – СБШ), СБШ және бар болған жағдайда КС), сондай-ақ еңбек сыйымдылығы мен оқыту тілі туралы ақпаратты қамтиды;

7) қолданыстағы ББ – ЖЖОКБҰ-ның даярлау жүргізіліп жатқан ББ;

8) жаңа ББ – Тізілімге енгізгенге дейін ЖЖОКБҰ-де мамандар даярлау жүргізілмеген ББ;

9) инновациялық ББ – ЖЖОКБҰ-ның Қазақстан Республикасында баламасы жоқ, алғаш рет енгізіліп отырған білім беру бағдарламасы.

10) оқыту нәтижелері (бұдан әрі - ОН) – білім алушылардың ББ меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

11) 1-сарапшы – ЖЖОКБҰ профессорлық-оқытушылық құрамының сарапшылары;

12) 2-сарапшы – «Болашақ» түлектері, «Атамекен» ҰКП, «Ел үміті» Елбасы қорының жобасы, АҚ Назарбаев зияткерлік мектебінің Педагогикалық шеберлік орталықтары және ББ өкілдері, инклюзия мамандары, салалық кәсіби қауымдастықтар, шетелдік мамандар арасынан тартылған сарапшылар;

13) сараптама тобы – бұл ББ сапалы сараптамасын бірлесіп жүзеге асыру үшін біріктірілген 1 және 2-сарапшылар қатарынан алынатын мамандар тобы;

14) 3-сарапшы – ұлттық және халықаралық деңгейдегі сарапшылық жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар;

15) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің ББ іске асыру сапасының ұлттық мониторингі – бұл ЖЖОКБҰ ББ іске асырылуына сапалы бағалауды сарапшылардың онлайн кездесуі/жоғары оқу орындарына шығуы, ББ қанағаттану дәрежесі туралы студенттерге, түлектерге, жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу, қызметті, материалдық базаны, кадрлармен қамтамасыз етілуді бағалау арқылы жүргізу.

4. Тізілім жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі ақпараттық жүйесінде электронды түрде жүргізіледі.

5. Тізілімде орналасқан ББ төлқұжатына қол жеткізу Интернет желісі арқылы қамтамасыз етіледі.

6. ЖЖОКБҰ өзінің академиялық саясатында ББ өлшемшарттарын күшейтеді (білім бағыты бойынша қауымдастықтардың ББ рецензиялау; жұмыс берушілердің бағалауы; ББ-ны шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ-мен үйлестіру; стратегиялық серіктестермен келісу, оқытудың екі жақтылығы, тиісті комитеттердің ББ-ны міндетті ішкі сапа аудиті).

7. Оператор жыл сайын студенттер мен жұмыс берушілердің қатысуымен енгізілген ББ сапасына мониторинг жүргізеді;

8. Оператор студенттерге, ББ түлектеріне және жұмыс берушілерге төрт жылда 1 рет әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Студенттердің, ББ түлектерінің

және жұмыс берушілердің әлеуметтік сауалнама қорытындылары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ББ жақсартулары мен жаңартуларының дерекқоры болып саналады.

9. Сарапшыларды ББ бойынша даярлау бағытына сәйкес оператор айқындайды.

10. Үш жылда бір рет даярлаудың әрбір бағыты бойынша сарапшылардың жалпы санынан ББ сарапшылары құрамының 30%-ын жаңарту жүзеге асырылады.

## **2. Тізілімге білім беру бағдарламаларын енгізу тәртібі**

11. ББ Тізілімге енгізу 4 кезеңде жүзеге асырылады: Тізілімге білім беру бағдарламаларын енгізу үшін ЖЖОКБҰ-ның өтінімін ұсыну; ұсынылған Өтінімнің дұрыс толтырылуын тексеру; ББ сараптама жасау; Білім беру бағдарламасын төлқұжатын Тізілімге енгізу.

12. ББ Тізілімге енгізу үшін ЖЖОКБҰ Операторға ББ атауы, ББ шифрі, ББ нысаны, ҰБШ, СБШ деңгейлері, ББ-ның ерекшеліктері (біріккен ББ/қосдипломдық ББ және т.б.), оқу нәтижелері, қысқаша сипаттамасы бар пәндер, оқыту нысаны, оқыту тілі, академиялық дәрежеге берілетін кредиттердің көлемі, жолдама лицензиясына қосымшаның болуы, ББ-ның аккредиттелуінің болуы (қолданыстағы ББ үшін-бар болған жағдайда), ЖЖОКБҰ алқалы органының отырысында бекітілген ББ-ның бекіту күні көрсетілген білім бағдарламасының төлқұжаты бар онлайн-өтінім ұсынады. Сонымен қатар ББ сараптау өлшемшарттары білім бағыты бойынша қауымдастықтардың ББ рецензиялау; жұмыс берушілердің бағалауы; ББ-ны шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ-мен үйлестіру; стратегиялық серіктестермен келісу, оқытудың екі жақтылығы, тиісті комитеттердің ББ-ны міндетті ішкі сапа аудиті болып табылады.

12-1. ББ атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі, қысқаша, нақты, тартымды және ақпараттық болуы тиіс.

12-2. ББ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес шифрленеді.

12-3. ББ мақсаты мүмкіндігінше қысқа (1-3 сөйлемде), білім алушылар алатын құзыреттіліктерді нақты және анық жинақтау керек.

12-4. ОН Сынақ бірліктерін ауыстыру мен жинақтаудың еуропалық жүйесінің (ECTS) басшылық принциптерінің негізінде құрастырылады. ОН өлшенетін болуы тиіс.

12-4.1. ОН жобалау кезінде ББ түлектердің келесі негізгі құзыреттерін қалыптастыратынын ескеру қажет:

1) мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттері (өзін-өзі оқыту және жүйелі ойлау; трансдисциплинарлық және кроссфункционалдылық; акт-және тілдік құзыреттер; технологиялық сауаттылық; креативтілік; тапқырлық; әлеуметтік

интеллект, команда мүшелерімен ынтымақтастық; клиентке бағдарлану, тұтынушының сұрау салуларымен жұмыс істей білу; жоғары белгісіздік және міндеттер шарттарының жылдам өзгеруі режиміндегі жұмыс (тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайларының өзгеруіне ден қоя білу, ресурстарды бөле білу және өз уақытын басқара білу (soft skills).

2) әр маманға белгісіздік жағдайында әрекет етуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар (hard skills).

12-4.2. Оқыту нәтижелері (ОН) келесідей тұжырымдалады:

1) Блум таксономиясынан алынған белсенді етістікті студенттердің кәсіби қызмет пен жеке даму аясында, кәсіби функцияларды күзiреттiлiктердi қолдану арқылы жүзеге асыра отырып, алған білімі мен дағдыларын білдіру үшін қолдану;

2) оқытудың тиісті нәтижесі қандай объектіге немесе шеберлікке жататынын нақтылау (мысалы, «қатты дискінің функциясын» түсіндіре алады; «қолмен жасалған қонақ бөлмесінің дизайн жобасын» ұсына алады»);

3) оқыту деңгейіне жататын дербестік пен жауапкершілік деңгейін айқындау, сондай-ақ іс-әрекеттер таныс ортада (бакалавриат) немесе белгісіздік жағдайында (магистратура және докторантура) орын алатынын айқындау);

4) ОН қол жеткізу қалай көрсетілетінін нақтылау (мысалы, «электротехникада жиі пайдаланылатын материалдарға қысқаша шолу жасау»; «өзекті ғылыми әдістерді қолдана отырып зерттеу алгоритмін әзірлеу» және т.б.).

5) оқытудың тұжырымдалған нәтижелерін бағалау мүмкіндігін тексеру.

12-4.3. Оқыту нәтижелері (ОН):

- еңбек функцияларына бағдарланған;
- синергияға ие болу, яғни пәндердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар күрделілік пен пәнаралық байланысты ескеру ;
- еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған;
- «жұмсақ» дағдыларды қосылған (soft skills) болуы тиіс.

12-5. Пәннің сипаттамасы 50-60 сөзден тұруы, оның қысқаша мазмұнын және белсенді оқытудың қолданылатын әдістерін ашуы тиіс.

13. Оператор ЖЖОКБҰ өтінімін растайды және 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде толтырудың дұрыстығына тексеру жүргізеді. Тексеру рәсімі автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Дұрыс толтырылмаған өтінімді ЖЖОКБҰ себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін қайтарады. Пысықталғаннан кейін ЖЖОКБҰ қайтадан өтінім береді.

14. «ББ тізілімі» АЖ-да деректердің дұрыс толтырылуын тексеруден өткеннен кейін білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау мақсатында 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ББ паспортына сараптама жүргізіледі. Қажет болған жағдайда сарапшылар оператор арқылы білім беру бағдарламасы туралы қосымша ақпарат сұрай алады.

15. Тізілімге енгізу үшін қолданыстағы ББ сараптамасы мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1. ББ тізілімге жүктелгеннен кейін ББ сараптамасын сараптама тобы жүргізеді (1-сарапшы, 2-сарапшы).

2. Сарапшылардың ескертулері бойынша ББ пысықтағаннан кейін Оператор ББ сараптамасының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің лицензиялау (бұдан әрі – БҒССҚК), аккредиттеу рәсімдерімен арақатынасын жүргізеді.

3. Сараптама аяқталғаннан кейін сараптама тобы «білім беру бағдарламасын мақұлдау» немесе «ЖЖОКБҰ-ға пысықтауға жіберу» деген қорытынды береді.

16. Тізілімге енгізу үшін инновациялық ББ сараптамасы кезең-кезеңімен және мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1. ББ тізілімге жүктелгеннен кейін ББ сараптамасының бірінші кезеңін сараптама тобы (1-сарапшы, 2-сарапшы) жүргізеді.

2. Сараптама тобы мақұлдағаннан кейін ББ сараптамасының екінші кезеңін 3-сарапшы жүргізеді.

3. ББ мақұлдаған жағдайда 3-сарапшы «білім беру бағдарламасын мақұлдау» деген қорытынды береді.

4. Әрі қарай, Оператор БҒССҚК-нің лицензиялау процедураларымен ОП корреляциясын жасайды.

5. ББ мақұлдамаған жағдайда 3-сарапшы «білім беру бағдарламасын қабылдамауға» қорытынды береді, бұл ББ-ны Тізілімге енгізуге мүмкіндік бермейді.

17. ЖЖОКБҰ қажет болған жағдайда пайдаланушының жеке кабинетінде сараптама нәтижелері туралы ақпаратпен танысады. Сараптама нәтижесі теріс болған жағдайда ББ қабылданбайды.

18. Оң қорытынды алған кезде ББ тізілімге енгізіледі, осы ББ паспортына қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

19. ЖЖОКБҰ ББ сапасының көрсеткіштерін арттыру мақсатында тізілімде ББ паспортын жаңартуға өтінім беруге құқылы. ББ паспортын жаңартуға өтінімді оператор қарайды. Оператор «тізілімде ББ паспортын жаңарту» немесе «тізілімде ББ паспортын жаңартпау» деген қорытынды береді. Қажет болған жағдайда Оператор тізілімдегі ББ паспортын жаңартуға өтінімді қосымша сараптамаға жібере алады.

### **3. Білім беру бағдарламасын Тізілімнен шығару тәртібі**

20. Оператор ББ Тізілімнен алып тастауды мынадай негіздерде жүргізеді:

- 1) ЖЖОКБҰ-ның тізілімнен ББ алып тастау туралы өтініші;
- 2) лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру (БҒССҚК комиссиясының хаттамасынан үзінді көшірме);

3) ББ өзектілігін жоғалту (қатарынан 2 жыл ББ бойынша контингенттің болмауы) – автоматты түрде;

4) сарапшылар мен оператордың ескертулері бойынша ББ уақтылы пысықтамау;

5) тізілімге енгізілген сәттен бастап 4 жыл ішінде тиісті бағыттар бойынша қолданыстағы және жаңа кәсіптік стандарттар негізінде ББ жаңартуының болмауы;

6) мүдделі тараптардың қатысуымен іске асырылатын ББ сапа мониторингінің теріс нәтижелері;

7) студенттерге, ББ түлектеріне, жұмыс берушілерге жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың теріс нәтижелері (пікірлер).

20-1. Уәкілетті орган Операторға даярлау бағыты бойынша ЖЖКОБҰ-ның лицензияға қосымшасынан айыру туралы комиссия хаттамасынан үзінді көшірме береді.

21. Тізілімнен ББ-ны алып тастауға өтінім тізілімдегі тиісті нысанды толтыру жолымен электрондық нысанда беріледі. Өтінімге білім ББ алып тастау туралы шешім (ЖЖОКБҰ-ның алқалы органы отырысының хаттамасынан үзінді) қоса тіркеледі.

**Результаты согласования**

23.12.2020 12:00:45: Дауленов М. М. (Руководство) - - согласовано без замечаний